

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

12.10.2022 ж. жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
Бірінші орынбасары
Р. В. Склярға**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Роман Васильевич!

Біздің депутаттық сауалымызға жақында еліміздің сайлаушыларымен кездесу барысында өңірлердегі жол сапасының және қоршалмауының салдарынан жол апатының көп орын алу мәселелеріне қатысты сайлаушылардың наразылықтары негіз болып отыр.

Қазіргі таңда, еліміздегі жол қоршаулары бойынша жұмыстарының жағдайы нашарлығы. Мысалы кеше ғана Жетісу облысында жолдағы қоршаудың болмауының салдарынан мал жолға шығып кетіп, жол апатына себеп болды. Өкінішке орай, адам шығыны тіркелді. Бұндай жағдай өте көп.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің ақпаратына сүйенсек елімізде жыл сайын 13 мыңнан астам жол-көлік оқиғасы болады, соның салдарынан жыл сайын 2 мыңға жуық адам қаза болса, 18 мыңға жуық адам түрлі жарақаттар алған. Оның үстіне жыл басынан бері жол апат саны ұлғайған. Тағы айта кететін мәселе, ол жол апатының 75 пайызы инфрақұрылымы төмен елді мекендерде орын алуда. Бұл көбінесе – тротуардың, бақыланатын жаяу жүргіншілерге арналған жолдардың, өткелдердің, жол таңбалары мен белгілерінің, сигнал бағаналарының, жарықтың жоқтығына байланысты көптеген жол апаты болуда. Жалпы республика бойынша 2 млн пагондық метр қоршау қажеттілігі бар. Одан бөлек, елімізде автомобиль жолдарының инфрақұрылымын талапқа сәйкестендіру үшін жер үсті және жер асты өткелдері мен көпірлері, **1 165 618 км жолға жол таңбалары, 25 324 жол белгілері, 12 700 сигнал бағаналары,**

514 бағдаршам, 4 968 км жолға жарықтандыру және т.б. реттеу құралдары керек.

Бүгінгі таңда, оларды орнату жұмыстары Алматы, Жетісу, Қызылорда, Түркістан облыстарында және Шымкент қаласында нашар жүріп жатыр. Жалпы, жаяу жүргіншілермен болған апаттардың ең көп үлесі Шымкент (102 немесе 47%), Алматы (1 007 немесе 30%), Астана қалаларында (190 немесе 6%), Алматы (505 немесе 15%), Жамбыл (311 немесе 9%), Түркістан (158 немесе 5%), Маңғыстау облыстарында (133 немесе 4%) тіркелген.

Автомобиль жолдарында **көліктік-пайдалану жүктемесінің дұрыс ескерілмей, сәйкес техникалық санатқа жатқызылмауы** да өзекті.

Мәселен, Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысы бағытындағы автомобиль жолында жүк көліктерінің қарқындылығы жыл сайын орташа есеппен 10%-ға дейін өсіп, тәулігіне 10 мың автокөлікке жетіп отыр.

Аталған жолдың Түркістан облысы бағытына қарай 246 шақырымы I-б техникалық, ал Ақтөбе облысы бағытына қарай 566 шақырымы 2 (екі) жолақты болып бекітіліп, II техникалық санатқа жатқызылған.

Бүгінде Еуропа елдерінің Ресейге деген санкцияларының артуынан бұл трасса бойындағы сауда көлемі мен саны ұлғаюда.

Сонымен бірге Ақтөбе облысы бағытындағы жолдың тарлығына орай жол-көлік оқиғасы санының артып, адам және материалдық шығындардың көлемі жылдан жылға артуда.

2020 жылы аталған жолда 38 жол көлік оқиғасы тіркеліп, 21 адам қаза тауып, 46 адам жарақат алса, 2021 жылы 41 жол көлік оқиғасы тіркеліп, 28 адам қаза тауып, 48 адам жарақат алған.

2022 жылдың 8 айының өзінде **48 жол көлік оқиғасы тіркеліп, 40 адам қаза тауып, 67 адам жарақат алып** отыр.

Осыған ұқсас, Түркістан облысындағы III санаттағы Жібек жолы ауылы мен Жетісай қаласы арасындағы жолда көліктердің тәуліктік қозғалыс қарқындылығы жобалық қуаттылығы 3 мың бірлік бола тұра, қазіргі уақытта 15-16 мың бірлікті құрауда.

Сонымен қатар, жол апатына себеп болып отырған тағы бір мәселе ол көлік жүргізу тәртібін сақтамау. Мысалы көлікті ішіп айдау, жол ережесін бұзу, көбінесе өздері көлік жүргізіп үйренгендер жол апатына себепкер болып жатады.

Осының салдарынан ата-аналар амалсыздан балаларын мектепке жіберіп жандарын шүберекке түйіп отыруда. Баршамызға белгілі, «АМАНАТ» партиясының Сайлауалды бағдарламасында «Әрбір азаматқа – лайықты өмір» деп нақты көрсетілген.

Сондықтан да, жоғарыда айтылғандардың негізінде көрсетілген кезек күттірмес өзекті проблемаларды шешу үшін:

1. еліміздегі барлық ақылы жолдардың жаяу жүргіншілердің, жануарлардың шығып кетуін шектейтін жол қоршауларымен жоспарға сәйкес орындалуын «ҚазАвтоЖол» ҰҚ» АҚ-ын міндеттеп және ақылы жолдарда жол апаты болған жағдайда жауапкершілікті қарастырып, қамтамасыз етуді;
2. еліміздің барлық өңірлеріндегі халықаралық, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарына талдау жүргізіп, техникалық санаттарына сәйкестігіне мониторинг жүргізіп, нәтижелеріне сай шұғыл шаралар қабылдауды;
3. елді мекендер арқылы өтетін үлкен жолдарды толығымен жол таңбалары және белгілерімен, сигнал бағаналарымен, бағдаршамдармен, бақыланатын жаяу жүргіншілерге арналған өткелдермен және жарықпен қамтамасыз етуді;
4. тиісті министрліктер, жергілікті атқарушы органдармен бірігіп, жоғарыдағы мәселелер бойынша кешенді шешімдер қабылдауды және оның орындалуын талап етеміз;
5. жоғарыдағы аталған мәселелер шешілмеген жағдайда тиісті мемлекеттік органдарға жауапкершілікті қарастыруды және депутаттық сауалға заң талаптарына сәйкес жазбаша жауап беруді сұраймыз.

**Құрметпен,
«АМАНАТ» партиясы
Фракциясының мүшелері**

**Ф. Қаратаев
Б. Кесебаева
Қ. Ержан
З. Камасова
Г. Нұрымова
Қ. Абасов
Б. Торғаев
М. Елюбаев
А. Үйсімбаев
А. Бердалин
Б. Сартбаев
М. Төлепберген
Ж. Әшімжанов
Д. Колода**

**Қазақстан халқы
Ассамблеясынан сайланған
депутаттар**

**І. Бұларов
А. Хамедов**

№ исх: ДС-290 от: 13.10.2022

В. Набиев
А. Амирханян
Ш. Осин

Орын: Әуенов Ө.Ө.
Тел: 746356